ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылдың 13 мамыры № 3514-24-00-2/1864 Қарағанды қаласы

Қарағанды облыстық ауданаралық мамандырылған экономикалық сотының судьясы Т.К. Елеуов талап қою бойынша азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің 52859 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Акмарал Акылбековна Жусупова жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы АПК-нің 147-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің 52859 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер Акмарал Акылбековна Жусупова жеке кәсіпкері (БСН 890926400758) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер Акмарал Акылбековна Жусупова жеке кәсіпкерінен жергілікті бюджет есебіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және

пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен

кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралысот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья: **Елеуов Т.К.**

Құжатқа қол қойылған: Елеуов Т. К., 15.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.06.2024, судья Елеуов Т. К., 24.06.2024

3514-24-3-1/1952